

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
2025-2026 оқу жылында Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығы
тарапынан атқарылған іс-шаралар

1. Жаңа оқу жылының басталуына орай **«ЖАҢА ҚАДАМ, ЖАҢА БАСТАУ!»** атты салтанатты кеш ұйымдастырылады. Іс-шараның басты мақсаты – бірінші курс студенттерін ресми түрде студент қатарына қабылдау, олардың жаңа өмір кезеңіне қадам басуын атап өту және оқу ордасына деген мақтаныш сезімін қалыптастыру.

Мерекелік кеш барысында бірінші курс студенттерінің ант қабылдау рәсімі, студенттік билеттерді табыстау және құттықтау сөздер мен концерттік нөмірлер ұсынылады. Сондай-ақ, жоғары курс студенттері мен ұстаздар тарапынан жылы лебіздер айтылып, білім мен ізденіске бастайтын рухани қолдау көрсетіледі.

Бұл салтанатты жиын – жастардың өміріндегі маңызды белес, жаңа мүмкіндіктер мен жетістіктерге жол ашатын мәнді мереке болып табылады
<https://www.instagram.com/reel/DOP5R-bCDX6/?igsh=NGJjc3hzbHhjd3R3>).

2. Университет қабырғасында Ұстаздар күніне арналған **«ҰСТАЗЫМ – ҰЛЫ ТҮЛҒАМ»** тақырыбында мерекелік кеш ұйымдастырылды.

Мерекелік жиынды Басқарма мүшесі – әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор м.а. Аслан Тұрлыбек құттықтау сөзбен ашып, ұстаздардың қоғамдағы орны мен еңбегінің маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, ұстаздарға жылы лебіздер мен алғыс сөздер арналып, 50-ден астам куратор арнайы марапаттарға ие болды.

Кеш барысында концерттік бағдарламада ұйымдастырылып, студенттік ансамбльдер мен өнерпаздар ұстаздарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Шара соңында ұстаздар мерекелік құрметті сезініп, қуаныш пен ризашылыққа бөленіп, алғыстарын білдірді.

<https://www.instagram.com/reel/DPWJhgniC-q/?igsh=ZTgxOTBsMW0zZG9l>

3. 25 қазан күні Республика күніне орай **«ЕЛІМ ДЕП СОҚСЫН ЖҮРЕГІҢ!»** атты салтанатты жиын. Бұл іс-шара – еліміздің ең ұлық мерекесіне арналған маңызды мәдени-рухани басқосу болып табылады.

Іс-шараның мақсаты – Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен мемлекеттік құндылықтарын дәріптеу, отансүйгіштік сезімді арттыру және университет ұжымы мен студенттері арасында рухани бірлікті нығайту, қатысушылардың мерекелік көңіл-күйін көтеру және отансүйгіштік рухты қалыптастыруға бағытталады.

Салтанатты жиынға университеттің профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлері және өнерлі, дарынды студенттер қатысады. Бағдарлама аясында үздік қызметкерлерді марапаттап, концерттік нөмірлер, патриоттық әндер мен көркем сөздер орындалып, Республикалық мерекенің маңыздылығы айшықталады

<https://www.instagram.com/reel/DQEmzSoiKyC/?igsh=MWNrbXBrdndrNWRycQ==>)

<https://www.instagram.com/reel/DQJMjMNiOKX/?igsh=d3M1MXJrOXV1NGRo>)

4. Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз университетінде жастардың шығармашылығы мен өнерін дәріптеген **«Жастар FEST 2025»** мерекелік шарасы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Кештің ашылуында университеттің Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректор Еркінбаева Ләззат сөз сөйлеп, студенттер қауымын мерекемен құттықтады. Ол жастардың белсенділігі мен бастамашылдығын атап өтті.

Салтанатты бөліктің басты кезеңі марапаттау рәсімі өткізіліп, марапатқа ие болған үздік студенттер сахнаға шақырылды. Сахнада айтылған құттықтау сөздерде әрбір студенттің еңбегі, талпынысы мен жетістігі ерекше атап өтілді. Бұл күні марапат алған барлық студенттің еңбегі бағаланып, зал толы қошемет көрсетілді.

Салтанатты бөлімнен кейін кеш рухты көтеретін әрі мерекелік атмосфераны күшейткен ауқымды музыкалық бағдарламаға ұласты. Университеттің өнерлі жастары көрермендерге түрлі жанрдағы қойылымдарын ұсынды. Алғаш болып «Дулати серілері» тобы «Жаса Қазақ» әнімен сахнаның шымылдығын ашты. Одан кейін «НАЗ Қоңыр» вокалдық квартеті «Шаң қыздар» әнін орындап, ұлттық нақыштағы әуезді әнмен көрермен ықыласына бөленді.

Сахна төрінде заманауи билер орындалып, көрерменнен үлкен қолдау алды. Концерттік бағдарламадағы барлық өнер кештің ажарын аша түсіп, көрерменді ерекше музыка әлеміне де жетеледі.

Жастар FEST 2025 — бір күндік шара ғана емес, Дулати университетінің жастарының дарындылығы мен бірлігінің айқын көрінісі болды. Бұл кеште әр студент өз қабілетін паш етіп қана қоймай, университеттің ортақ рухын, жастықтың жалынды энергиясын сездірді.

(<https://www.instagram.com/reel/DRgzOLSCD0t/?igsh=eDI4MGw5a2c3d203>)

5. **«Қош келдің Жаңа жыл-2026»** атты студенттерге арналған мерекелік кеш жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Аталған іс-шараға 200-ден аса студент қатысып, жаңа жылды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алды. Кештің салтанатты ашылуы әсем жылдық вальспен басталып, мерекелік атмосфераны одан әрі көркемдей түсті. Жыл бойы оқу мен қоғамдық өмірде белсенділік танытып, түрлі мәдени-шығармашылық іс-шараларда өнер көрсеткен өнерпаз және белсенді студенттер арнайы номинациялар бойынша марапатталды. Бұл марапаттар – олардың еңбегіне берілген зор баға әрі алдағы жетістіктерге үлкен ынталандыру болды. Іс-шара барысында студенттерге арналған әсерлі, көңіл көтеретін концерттік бағдарлама ұсынылып, ән мен би, сахналық қойылымдар кештің сәнін арттырды. Мерекелік кештің соңы жастарға арналған ортақ дискотекамен жалғасып, студенттерге ұмытылмас әсер мен жарқын естеліктер сыйлады.

<https://www.instagram.com/p/DSsBS-oiNdr/?igsh=NGZucTVjbGhoNzYw>